

## **Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау**

<b>Қызметті беруші</b>	Мемлекеттік қызметті атқарушылық әрекеттердің жасалу орны бойынша аумақтық әділет органдары көрсетеді (бұдан әрі – қызметті беруші)
<b>Қызметті алушылар</b>	жеке және заңды тұлғалар
<b>Қызмет көрсету орны</b>	1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 3) "электронды үкімет" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб - порталы арқылы жүзеге асырылады.
<b>Қызметті көрсету мерзімдері</b>	3 (үш) жұмыс күні
<b>Қызмет құны</b>	тегін
<b>Құжаттар тізбесі</b>	Нысан бойынша өтініш; Атқарушылық құжат. Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, атқарушылық құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.
<b>Қызмет көрсету нәтижесі</b>	Сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы немесе атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулысы.
<b>Мемлекеттік қызмет стандарты</b>	көрсетілетін <a href="http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020836#z96">http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020836#z96</a>